

Адамның иммун тапшылығы вирусы (АИТВ) иммундық жүйені зақымдайды және бақылау жүйесін әлсіретеді, адамдарды инфекциялардан және обырдың кейбір түрлерінен сақтайды.

АИТВ жұқтыру қаупін қауіп факторларының әрекет етуін шектеу арқылы төмендетуге болады. АИТВ алдын алудың негізгі жолдары:

1. Ерлер мен әйелдер мүшеқаптарын (презерватив) қолдану. қынаптық және анальды сексуалдық қатынас кезінде ерлер мен әйелдер мүшеқаптарын дұрыс әрі үнемі қолдану жыныстық жолмен берілетін инфекциялардың, АИТВ қоса, таралудан сақтауы мүмкін. Ерлердің мүшеқаптары 85% жыныстық жолмен берілетін инфекциялардан, АИТВ берілуден қорғайды.

2. АИТВ және ЖЖБИ тестілеу қызметтері. Қандай-да бір қауіп факторларына ұшыраған адамдар АИТВ және ЖЖБИ тестілеуден өту керек, тестілеу арқылы өз жағдайларын біліп, кешіктірмей алдын алу шараларын өткізу мен ем қабылау керектігін білетін болады. ДДҰ жұптардың да тестілеуден өту керектігін айтады.

3. Инъекция қолданатын нашақорлар үшін зияндықты азайту. Инъекция қолданатын нашақорлар АИТВ жұқпасын болдырмау үшін залалсыздандырылған инъекциялық жабдықты, иелерді және шприцтерді қолдану арқылы сақтық шараларын ұстануларына болады. АИТВ алдын алу және емдеудің толық пакеті:

- иелер мен шприцтерді тарату бағдарламалары;
- нақты деректер негізінде психикалық белсенді құралдарға деген тәуелділікті емдеу және нашақорды қолданушылар үшін толықтырушы ем қабылдау;
- АИТВ қатысты тестілеу және кеңестер;
- АИТВ күтім жасау және емдеу;
- мүшеқаптарға деген қолжетімділікті қамтамасыз ету;
- ЖЖБИ, туберкулез және вирустық гепатитті бақылауда ұстау.

4. Анасынан балаға АИТВ жұқпасын жұқтыруды болдырмау. Толғақ, жүктілік, босану немесе емшекпен емізу кезінде АИТВ бар анадан балаға АИТВ жұғуы инфекцияның тікелей берілуі немесе анадан балаға инфекцияның жұғуы (АБИЖ) деп аталады.

Анадан балаға қандай-да бір араласусыз АИТВ жұғуы 15-45% жуық көрсеткішті көрсетеді. ДДҰ АИТВ жұқпасын жұқтыруды тоқтатудың бірнеше түрін ұсынады, жүктілік, босану кезінде және босанғаннан кейін де ана мен балаға АРВ ұсынылады.

2014 жылы 73% [68–79%] табыс көзі төмен елдердің АИТВ бар шамамен 1,5 [1,3-1,6] миллион жүкті әйелдері балаларға жұқтыруды болдырмау үшін антиретровирустық препараттарды алған.